

Мырышты электролиттік бөліп алуға арналған қондырғыны жобалау және даярлауға арналған техникалық сипаттама (Лот 6)

Жалпы талаптар

Жеткізуші жеткізілетін жабдықтарды әзірлеумен, қолданған материалдармен немесе дайындау сапасымен байланысты не болмаса Қазақстан Республикасы үшін әдеттегі жағдайда пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес осы жабдықтарды қолдану кезінде Жеткізушінің әрекеті немесе жіберген қателігі нәтижесінде пайда болған кемістіктердің болмайтынына кепілдік беруі керек.

Жеткізуші жабдықтарды жеткізуді жүзеге асыру кезінде барлық қажетті лицензияларды және рұқсаттамаларды сатып алу үшін жауапты.

Жеткізілетін жабдықтардың осы техникалық тапсырманың техникалық сипаттамаларына берілген талаптарда көрсетілгендей сандық және сапалық көрсеткіштері болу қажет.

Жеткізілетін жабдықтар жаңа (пайдалануда болмаған) болу керек және 2017 жылдан бұрын жасалмаған болу қажет. Қайта қалпына келтірілген тораптардан және агрегаттардан жинақталған жабдық жеткізуге жіберілмейді.

Жабдық орыс тілінде және/немесе қазақ тілінде және ағылшын тіліндегі құжаттар жинағымен қамтамасыз етілуі керек, оның құрамында өндіруші фирма жеткізетін пайдалану жайлы нұсқаулық не басқа да құжаттамалар, соның ішінде кепілдік міндеттемелері (аталған құжаттар көшірме түрінде жеткізілуі рұқсат етілмейді), сонымен қатар қажетті сертификаттар көшірмесі болуы керек.

Жабдықтардың конструкциямен, материалдармен немесе істелген жұмыспен байланысты, не болмаса, ең соңындағы жеткізу мемлекеті үшін әдеттегі жағдайда жеткізілген жабдықтарды Өндірушінің пайдалануға қойылатын атап көрсетілген талаптарына сәйкес қолдану кезінде, Өндірушінің әрекеті немесе жіберген қателігі нәтижесінде пайда болған кемістіктері болмау қажет.

Жеткізуге ұсынылатын жабдықтар жұмысқа жарамды болу керек, және де Жеткізушінің (тапсырыс беруге қатысатын тұлғаның) ұсынысына осы талапты орындау үшін қажетті барлық компоненттер енгізіледі.

Жабдықтарды жеткізу шегінде Жеткізуші төмендегі ілеспе жұмыстарды және қызметтерді ұсынуы керек:

- жабдықты орналастыру және іске қосып жөнделуін Өндіруші сертификаттаған жеткізушінің сервис инженерлері орындауы қажет.
- кепілдік берілген мерзім аралығында жабдықты пайдалануға енгізгеннен кейін жеткізілген жабдықтың аспаптық бақылауын жүргізу;
- жеткізілетін жабдықтарды пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі құжаттаманы (паспортты және т.с.с.) Тапсырыс берушіге орыс тілінде ұсынады және/немесе қазақ тілінде, ал импорттық жабдықтарды жеткізу жағдайында, құжаттама ағылшын тілінде де ұсынылады;
- телефон, факс, электронды пошта арқылы жұмыс күні ағымында кепілдік мерзім кезеңінде тегін техникалық қолдау көрсету.

Жеткізілетін жабдықтарға берілетін кепілдеме жабдықты пайдалануға енгізу туралы актісін ресімдеу күнінен бастап ұсынылады және 12 айдан кем емес болады.

Жеткізушіге қойылатын талаптар:

Жабдықты жеткізу уақытында Жеткізушінің штатында Өндіруші сертификаттаған сервис-инженері болуы керек. Тендерлік өтінімге қоса тиісті сертификаттың көшірмесін не болмаса жеткізу мезетінде сервис-инженерді даярлау жөнінде кепілдеме хатын беру қажет.

Тиісті жабдықтар Өндірушісінің жүйелерін, шығыс материалдарын сату, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында кепілдік және кепілдік мерзімінен кейінгі

сервистік қызмет көрсету үшін Жеткізуші Өндірушімен аккредитацияланады. Өтінімге қоса тиісті авторласқан хаттың көшірмесін беру қажет

Жеткізу талаптары:

Жеткізуші Тапсырыс берушінің 2-ден кем емес қызметкерін жабдықтармен жұмыс істеуге үйретуді қамтамасыз ету қажет.

Жеткізуші жабдықтарды құрау және қосу-реттеу жұмыстарын өзінің сертифицицияланған мамандарының күшімен Тапсырыс берушінің үй-жайында қамтамасыз етеді.

Сервис көрсету талаптары:

Жеткізуші сервис-инженерін жіберіп, қондырғыны орнату сервисін қондырғыға берілген кепілдік мерзім ішінде өз есебінен қамтамасыз ету керек (қажет болған жағдайда).

Жабдық келесідей техникалық сипаттамаларға сәйкес болуы керек:

№ р/с	Лот құрамы	Сипаттамалары	Мөлше рі
1	Мырышты электролиттік бөліп алуға арналған қондырғыны жобалау және даярлау	<p>Мырышты электролиттік бөліп алуға арналған қондырғы қышқылға төзімді материалдан жасалған электролизер (электролиз былауы) болып табылады, ол 100 °С дейінгі температураға шыдамды, басқару шкафымен жабдықталған және ауаның ағынды-желдету жүйесімен қамтылған.</p> <p>Электролизердің ішкі өлшемі – не более 400x500x250 мм артық емес.</p> <p>Электролизерге катодтар орнату қажет – 10 данадан кем емес.</p> <p>Электродтардың ара қашықтығы 58-60 мм кем емес.</p> <p>Анодтарды 1% кем емес күміс қоспасы бар қорғасыннан (тазалығы 99,99% кем емес) дайындау қажет.</p> <p>Анодтың беті майда болу керек.</p> <p>Катодтар қалыңдығы 3-4 мм кем де артық та емес және резеңке рейкалармен жиектелген алюминий бетінен жасалады.</p> <p>Электролиздеу кезінде түзілетін шламды шаю үшін электролизердің түбінде диаметрі 50 мм кем емес саңылау болу керек.</p> <p>Ерітінділер мен реагенттерді перильстатикалық сорғылар арқылы электролизерге автоматты түрде беруді қарастыру қажет.</p> <p>Айналмалы электролитті ағызу үшін электролизер қышқылға төзімді материалдан жасалған арнайы жабдықталған ағызынды саңылауларымен қамтылуы қажет.</p> <p>Электролизер басқару шкафымен жабдықталады: электр энергиясын беру үшін, және де былауға түсетін ток күшін және кернеуді реттеу құрылғысымен қамтылады.</p> <p>Электролизер пайдалану кезінде ыңғайлы болу үшін арнайы тіреулерге орнатылуы және персоналдың қауіпсіздігі үшін ауаның ағызынды-желдету жүйесімен қамтылуы қажет.</p>	1

Ректордың м.а.

Бағдарлама жетекшісі



Гавриленко О.Д.

Оналбаева Ж.С.